

85.103 (2/2)

440

ЖАМБЫЛ
бейнелеу өнерінде

ДЖАМБУЛ
в изобразительном
искусстве



*Мәңгілік бізбен қаласың, Жамбыл,
Ту ұстаушымыз боласың, Жамбыл.
Өмірің ердің өміріндей.
Советтік батыр, сүйікті жан бұл —
Әлемге шапақ төгеді Жамбыл
Жиырмасыншы ғасыр Гомеріндей.*

*Ты останешься пред нами, Джамбул,
Бойцом, поднимающим знамя, Джамбул,
Горячим борцом человека,
Любимым советским батыром, Джамбул,
Зарей, восходящей над миром, Джамбул,
Гомером двадцатого века!*

М. Матусовский





ЛЕНИНГРАДЦЫ ДЕТИ М

ЖАМБЫЛ
бейнелеу өнерінде

ДЖАМБУЛ
*в изобразительном
искусстве*

Алма-Ата «Өнер» 1989

Текст авторлары және альбомды құрастыргандар
Л. Г. Плахотная, Н. А. Полонская
Авторы текста и составители альбома
Л. Г. Плахотная, Н. А. Полонская

Д 40 Джамбул в изобразительном искусстве: Альбом/Сост.
Л. Г. Плахотная, Н. А. Полонская.— Алма-Ата: Өнер, 1989.—
144 с., илл.

Видные советские художники С. А. Чуйков, А. М. Черкасский, Х. И. Наурызбаев, А. Кастеев, И. Я. Иткин, Б. И. Урманче, С. А. Беседин, А. М. Степанов, Б. А. Чекалин и другие неоднократно обращались к образу акына Джамбула.

В альбоме представлены живописные, скульптурные и графические работы, посвященные замечательному казахскому поэту, его жизни и деятельности.

В альбом вошли 120 цветных и тоновых репродукций.

Для любителей изобразительного искусства.

ББК 85.103(2К)+66

Д 4903010000—34 36—88
409(05)—89

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. Муканова
г. Петропавловск

© Издательство «Өнер», 1989

459368

Жамбыл творчествосы халықтың жыраулық өнері мен қазақ совет поэзиясын үндестіре ұштастырып жатқан құдіретті дәнекер іспетті. Француз жазушысы Ромен Роллан ақын творчествосының 75 жылдығына жолдаған құттықтау телеграммасында жыр алыбын «қазақ халқының және адамзат қауымының жыршысы»¹ деп атаған еді. Алексей Толстой, Николай Тихонов, Всеволод Вишневский, Михаил Шолохов, Микола Бажан және басқа да көптеген көрнекті совет жазушылары ұлы жыршыға өздерінің жүрек жарды лебіздері мен ақ тілектерін арнады. Мордва халқының шайыры Фекла Игнатьевна Беззубова әсерлі де асқақ рухты «Жамбылға арнауын» жазды.

Ағыл да тегіл құйылған жырың,
Бұлбұл күс салған бейне бір ән бұл.
Бүкіл өңір-өлкеге, шыным,
Дабылық жетті, сүйікті Жамбыл.
.....
Мір оғындай сөздерің сенің,
Күмістей бейне сыңғырын төкті.
Шындықтың ашқан көзі мен кенің
Сөздерің мені оятып кетті².

«Тап бір ескі аңыздардағыдай-ақ, — деп жазды Жамбылға дат халқының жазушысы Мартин Андерсен-Нексе, сіз қаһарман өлеңдеріңізбен күрескерлерге дем бердіңіз. Сіз бақытты жансыз. Сіз көшпенділер өмірінен бастап бүгінгі күнге дейінгі мәдениеттің өсу-өркендеуінің куәсі болдыңыз. Сіздің жүрегіңіз еш-қашанда шау тартып көрген жоқ, қай жерде де алғыр жастың жігерлі қалпында болды»³.

Ұлы датчандық сәл ғана қателескен еді. Жамбылдың өмір жолында өзін қажыған, қарт сезінген өмірге үмітсіздікпен қарап киіз үйінен шықпай түңіліп, тоқыраған сәттері де болған. Бұл ақ патшаға қарсы шыққан көтерілісші-жасақшы қазақтарға дем берген, еркіндікті аңсаған жырлары үшін 1916 жылы екінші рет абақтыға отырып шыққан кезі еді. Жамбыл Верный (қазіргі Алматы) қаласында болып өткен Романовтар семьясының 300 жылдығын тойлаған мерекеді патша мен оның қол шоқпарларына қарсы ызалы үн қатып, патша мен бай феодалдардың билігіне наразы болып өткен Сұраншы Сауырық тәрізді батырларды дәріптеген өлеңдері үшін 1913 жылы бірінші рет абақтыға қамалған болатын. Билеп-төстеушілер мұнысын кешіре қоймады. Осылайша, біразға дейін, жетпіс жастағы Жамбылдың үні естілмей қалды, бұрын үнемі құлақ күйіне келіп тұратын домбырасы ілулі тұрған күйінде қаңырап, шаң басты. Бірақ, ұзамай ұлы Октябрьдің дүбірі қарт ақынның жүрегін дүр сілкінтті. Өзінің өмірбаянында ол былай дейді: «Менің төңірегімде өмір деген жайнап кетті. Тап бір алтын көрген тәріздімін. Мен оларды өзімнің ең тамаша деген өлеңдерімде жырға қостым. Өн бойыма құйылған соны бір қуатты сезінген мен домбырамды қолыма алдым. Жастығым қайтып оралды. Үнім шырқай шықты. Төңірегіме көз жіберген сайын мен өзім даланың келбетінің қалай өзгергеніне таң қалдым. Ауыл-ауылды аралап жаңа өмірді жырыма өзек еттім. Мен халқыммен бірге болдым. Сонан соң да жырым олардың жүрегінен орын алды. Мен жаңа елдің — Қазақстанның дүниеге келгенінің куәсі болдым. Өмір мен үшін жаңадан қайта басталғандай»⁴.

¹ «Литературная газета», 1983 ж. 24 май

² Сб. «Народные сказы», Саранск, 1938, 16—17-беттер.

³ М. Андерсен-Нексе. Халықтың ұлы ақыны Жамбылға. «Казахстанская правда», 1938 ж. 26 май.

⁴ Жамбыл Жабаев. Таңдамалы шығармалары жинағының алғы сөзінен. Алматы, 1981, 12-бет.

Жамбыл ұзақ өмір сүрді. Өзінің бір өлеңінде суреттегеніндей ол 1846 жылы февраль айында «қаралы заман, жүт жылы»¹ дүниеге келіп, өзінің жүз жасқа толған мерекелі күніне жеті-ақ ай қалғанда дүниеден қайтты.

Атақты Сүйінбайдың шәкірті он алты жасынан-ақ ел алдына шығып, өлеңімен жұртты өзіне тәнті ете бастаған еді.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде Жамбыл творчествосы қазақ даласына кең танымал болды. Ол өз жырларында байларды әшкерелеп, келеке етті. Ел қамын ойлаған, ауыл кедейлеріне қорған бола білген батыр ерлердің жақсылығын дәріптеп, даңқын асырды.

Жамбылдың Октябрь революциясынан кейінгі творчествосы рухани түлеудің кереметтей көрінісі дерлік. Төрт патшаның дәуірін басынан өткізген ол социалистік құрылысты шабыттана жырлады. Оның жаңалыққа жаны құштарлығы, зерек зерделілігі майталман шешендігі, сан айтыстарда шыңдалған тәжірибесі халық өмірінде болып жатқан ірілі-уақты оқиғаларға уытты жырымен дер кезінде үн қосып отыруына мол септігін тигізді. Оның жырлары аударылып, ұлан-байтақ еліміздің түкпір-түкпіріне кең таныла бастады. Соның артынша шетелдерге де тарап жатты.

Еліміз қарт ақынның еңбегін лайықты бағалады. Бұрынғы қара табан кедей Жамбыл мемлекеттік қайраткер дәрежесіне дейін көтерілді. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Үкіметіміздің жоғары наградаларын алды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен нағрадалды. Халыққа кеңінен танымал жырлары үшін 1941 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Республикамыздың, кең-байтақ Отанымыздың үлкен бір өсу дәуірі Жамбыл есімімен тығыз байланысты. Ақынның тағдыры да романға арқау болғандай аса қызықты әрі өнегелі. Аты аңызға айналған Жамбылдың өзі де көптеген шығармалардың кейіпкеріне айналды. Ол туралы кітаптар жазылды, кинолар түсірілді; оның образы көркемөнер шығармаларында да қамтылды. Егер ақынның өлеңдері арқылы оның өмірбаянының көптеген фактілерін анықтауға мүмкін болса, ал бейнелеу өнерінде Жамбылдың образын жасау ісі де тап сол ыңғайда жүргізілді деуге болмайды. Ақын туралы деректі салынған суреттер оның өмірінің тек соңғы он жылына ғана қатысты.

Бұл істе Жамбылдың өзін көзімен көріп отырып, оның бейнесін жасаумен айналысқан суретшілердің еңбегі айрықша. Олардың ішінде, әсіресе, соғыстың қарсаңындағы төрт жыл бойы үнемі Жамбылды кескіндеумен айналысқан Б. А. Чекалинді алдымен атаған жөн. Қара пастельмен, тушь немесе қаламмен, ара-тұра сулы бояумен салған Чекалиннің бұл тақырыптағы екі жүзден аса суретін қазіргі кезде Жамбыл туралы деректі иконографияның негізі десе ләзім. Бұл суреттерде — ақынның өлең шығарып отырған кезі, әріптес ақындарын тыңдап отырғаны, демалып жатқаны, суреттер ақтарып отырғаны, жақындарымен әңгімелескені, колхозшылармен кездескені, — жаяу немесе қара қолшатырын күннің ыстығына қалқа етіп, ат үстінде келе жатқан сәттері бейнеленген еді.

Бұл суреттердің сәтті шыққандары жеңіл салынған тартымдылығымен, бейненің шырайлылығымен, көрер көзге әсерлілігімен ерекшеленеді. Нақты деректіліктен образ шешіміне қарай бой ұрған сәтте суретші өз еңбектерінде қарттың аспайтын-саспайтын салмақты кейпін, тұлғасының сымбаттылығын, ойлы қалпын баса бейнелеуге көңіл аударған.

¹ Жамбыл Жабаяев. Таңдамалы шығармалары жинағының алғы сөзінен. Алматы, 1981.

Г. А. Брылов 1939 жылғы Қазақстан Жазушылар одағының съезі кезінде Жамбылдың бірнеше суретін салған. Бұл суреттер ықшамды, бейне бір ауада қалқып тұрғандай әсем де әсерлі. Мұнда Жамбыл ақын-романтик бейнесінде көрінген.

Е. М. Колокольниковтың суреттерінде де қарт ақынның образында ішкі ширығумен түлеу, буырқану басым. 1940 жылы ақынды көзімен көріп отырып қаламмен нобайлаған суреттерін Колокольников кейін айқын да анық етіп, тушьпен қайта салған. Бұл 1946 жыл , Колокольниковтың соғыстан оралған соң Алматы Көркем сурет училищесіне қайтып келіп, өзінің диплом жұмысы бойынша, «Жамбыл мен Павло Тычина Есік көлінің жағасында» деген суретін салып жүрген кезі болатын. Бұл суреттің тақырыбын оған Сәбит Мұқановтың қасында осы сапарда бірге жүрген Д. Снегин ұсынған еді.



1. Чекалин Б. А. Жамбылдың портреті. 1937
Чекалин Б. А. Портрет Джамбула. 1937

Әбілхан Қастеев те «Халық ақыны Жамбылдың портретін» 1937 жылы ақынға қарап отырып салса керек. Қастеев Жамбылмен жақын таныс болған кісі. Ақынның үйінде талай рет болып, оған көптеген суреттерін арнағаны белгілі. Бұл еңбектер туралы кейінірек арнайы тоқталамыз. Ал, енді 1937 жылғы мына портреттен біз киіз үйдің ішінде домбыра тартып отырған Жамбылды көреміз. Суретшінің бұл еңбегінен бір жігерлі ырғақ айқын аңғарылады. Ол тек ақынның домбыра ұстаған қолдарының икемді ыңғайына ғана емес, суреттің бүтін болмысынан анық байқалады. Еденде төселген алашаның қайталанып келіп отыратын жолақтары, сандықтың үстіндегі гүлді көрпеше, түс киіздегі ою-өрнектер бәрі де бір-біріне үйлесімді ырғақ тапқан. Қастеев ақынның өлең шығарып отырған сәтіндегі шабытты шағын дәл жеткізе алған.

Бұрын тек Қазақстанға ғана мәлім Жамбылдың есімі 1936 жылы «Правда» — газетінде П. Кузнецовтың аудармасымен «Менің Отаным» атты поэмасы, ақынның суреті жарияланғаннан кейін кең-байтақ елімізге мәшһүр болды. Бұл дастанды тоқсан жастағы Жамбыл республикалық ақындар айтысында жырлаған еді. Мұнан кейін Жамбыл тұңғыш рет Москваға сапар шекті. Онда көптеген жаңа өлеңдер шығарды. Кремльде М. И. Калининнің қолынан Еңбек Қызыл Ту орденін алды.

Қылқалам шеберлерінің Жамбыл тақырыбын өз шығармаларына арқау ете бастауы осы жылдан басталды десе болады. Бұл тұрғыда, ең алдымен, сөз етуге лайық еңбек — үлкен мәдениеттің өкілі, асқан творчестволық шабыттың адамы А. А. Риттихтың салған живописьтік портреті. Бұл еңбек мән-маңызы жағынан жеке адамның портреті күйінде қалып қоймай, творчестволық еңбек адамының дүлдүл өнерпаздың, ақиық ақынның образын көз алдыңызға тартады.

1938 жылы бүкіл еліміз қарт ақынның творчестволық еңбегінің 75 жылдығын атап өтті. Осы мерекеге байланысты Москвада және Алматыда тұңғыш рет

Жамбылдың өлеңдері мен поэмаларының үлкен жинақтары басылып шықты¹. Осының артынша-ақ жаңа дәуір жыршысының, Советтік Қазақстан ақынының образын ашып көрсететін көптеген жаңа шығармалар жарық көре бастады. Жамбылдың бейнесін жасаумен тек қана Алматының ғана емес, Совет Одағының басқа да қалаларының суретшілері айналысты.

Белгілі суретші П. В. Васильев өзінің творчествосына тән — суретті ашық бір сергек леппен келістіріп салатын мәнерімен Жамбылдың акварельді портретін жасады.

П. В. Васильевтің бұл жұмысыякейінірек ақынның бір өлеңдер жинағына² фронтиспис ретінде В. Бехтеев пайдаланды. Ал, 1938 жылы Москвадан жарық көрген «Өлеңдер мен поэмалары» кітабына москвалық график суретші Г. А. Петров өзгеше бір қызықты фронтиспис жасады. Мұнда Жамбылдың бет-жүзі қызыл-қоңыр, қалампыр түстес бояумен, ал басындағы бөркі штрихтар аралас сызықтармен салынған. Иықтары, тіпті кеудесі көрінбейді дерліктей, бірақ сол жағаның төменгі тұсын ала Еңбек Қызыл Ту орденінің суреті бейнеленген.

1983 жылы Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейіне Украинаның Сумы қаласынан жолдаған Жамбылдың сулы бояумен салынған екі портреті келіп түсті. Авторлық тіркемеде суретшінің аты-жөнінен басқа бұл шығармалардың бірінің 1939 жылы сентябрь айында, екіншісінің 1940 жылы май айында салынғаны көрсетілген. Екі шығармаға да суреттің келісті салынуы, бояу бедерінің нәзіктігі, әрбір ұсақ деген детальдің ұқыптылықпен жүргізілуі тән. Өкінішке орай, бұл шығармалардың авторы Н. Ягодкин жайлы толық мәлімет табылмай-ақ келеді. Алайда, суреттері көңіл аударарлықтай. Әсілі, бұл жұмыстарды ақынның өзін көзбен көріп отырып салған тәрізді. Әрі суретшінің



акварельмен сурет салу өнерінің үлкен мектебінен өткен майталмен шебер екені байқалады. Алғашқы портрет кейінгісінің этюді іспетті. Екі шығармаға да суреттің келісті салынуы, бояу бедерінің нәзіктігі, әрбір ұсақ деген детальдың ұқыптылықпен жүргізілуі тән. Екі акварельден де Жамбылдың көзі тірі кезіндегі бейнесі айқын аңғарылады. Суреттерде нақты деректілік қатаң сақталғанмен жеңіл бір романтикалық леп бар.

Соғыстың алдындағы кезеңдегі графикалық жұмыстары туралы әңгімені аяқтай отырып, сол кезде Сібірден Алматыға келген А. Г. Закворяшиннің түрлі түсті линогравюрасы туралы айтпай кетуге болмас. Өз бетінше ізденіп, үйреніп суретші болған Закворяшин 1920 жылдары Сібірдегі бейнелеу өнерінің белгілі шеберлерінің бірі еді.

2. Чекалин Б. А. Жамбыл ой үстінде. 1938
Чекалин Б. А. Джембул задумался. 1938

¹ Джембул. Песни и поэмы. М. 1938;
Қазақстанның орденді халық ақыны Жамбылдың
өлең жырлары. Алматы, 1938

² Джембул. Стихи. М.—Л., 1946.

Ұнамды «тісті» штрихтар, кең алымдылық, түстің қарама-қарсылығы Жамбылдың кейіпіне өткір сес, тіпті бір шама мысқыл үйіргендей.

Осы шығармаға қарап отырғанда Жамбылдың образын жасауда бір-біріне ұқсас жанрмен, техникалық әдіспен салса да әр суретшінің өзіндік шешіммен келгенін аңғару қиын емес. Социалистік құрылыстың, жаңа дәуір жыршысының, тағдыры қызық, болмыс-пішіні ерекше жанның, образына зер сала үңілгенде, суретшілердің әрқайсысы шығармаларында оның осы ерекшелігін тап басып, бере білуге ден қояды. Оның күрделі де қызықты образын сомдай отырып, жас мөлшерін, азаматтық ой-мақсатын, ақылды қарттың сабырлы кейінін дәл беруге күш салады.

Біздің бұл пікірімізге 1938 жылы Қазақстанға келіп, Жамбылды өздері көзбен көре жүріп, оның образын жасаумен айналысқан москвалық екі мүсіншінің шығармалары да дәлел болғандай. Оның бірі, кезінде өз ағасы Николайға атақты еңбегі Ленинианасын аяқтап шығуға қолғабыс еткен И. А. Андреев еді. Алматыда И. Андреев жасаған Жамбылдың екі портреті бар. Бірі, өкінішке орай, ұзақ мерзімге шыдамайтын гипстен жасалған. Бұл еңбегі Қазақстанның орталық музейінде сақтаулы. Мұнда қолына домбыра ұстап отырған Жамбыл бейнеленген. Екінші портрет — Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінің қорында сақтаулы тұрған қола бюст. Бұл шығармада импрессионистік тәсілде кейіпкердің бір сәттік көңіл күйін тап басып бере білушілік көзге ұрады және образдың жиынтық бейнесін жасау сәтті шыққан.

Енді бір мүсінші — Б. Ю. Сандомирская Жамбылмен кездескен, көрген кездерінде салған суреттері, скульптуралық этюдтерінің негізінде бірнеше жылдар бойы ақынның образын жасаумен айналысты. Оның бертініректе аяқталып біткен үш скульптуралық шығармасы жұртқа мәлім.

Олары: монументке арналған эскиз, Жамбылдың қолына домбыра ұстап тұрған мүсіні, ең соңғысы ағаштан қашалған бюст. Бұлардың ішінде Минскідегі Белоруссияның Мемлекеттік көркемдік музейінде сақтаулы тұрған соңғы шығармасы аса көңіл аударарлықтай. Мұнда көпті көрген, кейіпінде басынан өткізген талай тауқыметтің табы бар, ой, толғанысқа бейім жанның бейнесі бар.

Графика мен скульптуралық шығармалар да Жамбыл тақырыбы негізінен портрет түрінде жүзеге асса, ал живописьте суретшілер ақынның жұртпен араласқан сәттегі образын ашып көрсететіндей жанрлық көп қырлы композицияларға барған. Көбінесе, өз шығармаларының сюжетіне суретшілер, негізінен, ақын өмірінің деректі фактілерін өзек еткен.

Р. Ф. Ардатов М. И. Калининнің қолынан орден алып тұрғандағы Жамбылдың толқулы сәтін бейнелеген үлкен картина жасады.

Салтанатты рәсім өтіп жатқан кабинеттің терезесінен ішке құйылған алтын сәулелер адамдардың тұлғасын арайландырып,



3. Чекалин Б. А. Жамбыл серуенге шыққанда. 1938
Чекалин Б. А. Джамбул на прогулке. 1938

сәулеттендіріп жіберген. Ал, осы Ардатовтың «Ән» атты екінші картинасының шешімі мүлдем басқаша. Мұнда ақын Алатаудың баурайына кең-байтақ еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған, үстерінде сан түрлі ұлттық киімдері бар адамдардың ортасында бейнеленген. Шығарма желісінің түп қазығын ерекшелен тұрған мол шуақты сәуле, бояу мен түстің жылы үйлесімі мерекедегідей шаттық күйді сездіреді. Мына бір жыр шумақтарын Жамбыл осы өзін қоршап тұрған көкке шашу еткен тәрізді.

Мен туған Қастегіме күн туғанда,
Сыйлаған нұрын ақын алыбына.
Жиналып өзбек, башқұрт, украин,
Грузин, қарақалпақ алабыма,
Осетин, ұйғыр бәрі туысқаным
Отанға арнап өлең-жыр шығаруға,
Жарайды, жүзде алған мен кәрі тарлап
Қастектен тоятандар арымыма¹.

ҰлыОтан соғысы басталған бойда Жамбыл Отанның қорғауға құрыштай бекінген қаһарман халқымызбен бір санға болды. Жасы жүзді алқымдаған жырау өзіне тән өнердің құдіретті қуатын сезіне отырып, сол қаруымен жеңісті жақындату үшін туған халқына көмегін жасап, шарапатын тигізді.

Тас түлек сайып қырандай,
Мұнартып ұшып мұзды күн.
Ұлдарым елді қорғаған;
Жырым бірге майданға
Барсын оқтай ойнаған...²

1941 жылы 7 июль күні фашистік Германияның Совет Одағына тұтқиылдан

опасыздықпен шабуыл жасағанына екі апта өткенде «Правда» газетінің бетінде Жамбылдың ыза мен кекке, жауға деген өшпенділікке толы өлеңі жарияланды.

«Жыр алыбы, Жамбыл ата!

Біз қазақ, орыс халқының ұлдары майдан окоптарында фашистерді біржолата тас-талқан етіп жеңуге дайындалудамыз. Бізге өзіңіздің қуатты жырларыңызды жолдаңыз. Сіздің өлеңдеріңіз бізге әрқашан рух береді», — деп жазды ақынға солдат Дүйсебай Сейітов пен офицер Борис Сахаров³.

Ақынның «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі Ұлы Отан соғысы жылдарын-



1. Чекалин Б. А. Жамбылдың өзіне тән отырысы. 1939

2. Чекалин Б. А. Характерная поза Джамбула. 1939

¹ Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982, 133-бет

² Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982, 222-бет

³ Джамбул Жабаев. Избранные произведения. Алма-Ата, 1981, 394-бет



5. Чекалин Б. А. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің президиумында. 1939
Чекалин Б. А. В Президиуме Верховного Совета Казахской ССР. 1939

дағы поэтикалық творчествосының шыңы десе болғандай. Көптеген данамен плакат етіп бастырып шығарып, қоршаудағы қаланың кез келген жеріне іліп қойылған бұл өлеңі Ленинград тұрғындарына ақынның жүрек сәлемін жеткізіп, демеу беріп тұрғандай еді. «Жамбыл ленинградтықтарды өзіне бала етіп алды. Оның әкелік ұлы сезімі оянды. Совет халқының туысқандығы дегеннің жарқын көрінісін көргендей болдық бұдан біз», — деген еді кейінірек өзінің естелігінде көрнекті совет ақыны әрі жазушысы Николай Тихонов¹. Ленинградтықтарға деген жыр сәлемінің құндылығы сондай, өмірі Нева жағалауындағы қалада болып көрмеген Жамбыл «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен наградталып, батыр қаладағы бір көшеге ақын аты берілді. Соғыстың қиын-қыстау күндерінде Алматыдан қоныс аударған белгілі әдебиет пен өнер қайраткерлері де Қазақстанның қарт ақынына асқан құрметпен, ықылас пейілмен қарағаны тарихтан белгілі. Москвада, әдебиет пен өнердің Орталық мемлекеттік архивінде, 1942 жылдың жазында Жамбылға қонаққа барған бір топ артистер мен жазушылардың сапарынан түскен суреттері² мұқият сақтаулы.

Харьковте тұратын график, живописші бұл күндері Украин ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор С. Ф. Беседин 1943 жылы «Сегізінші гвардиялық дивизия туралы» сериялық шығармалар жазды. Сондағы бір суретке «Жамбыл Ұлы жеңіс, мәңгі даңқ пен қасиетті кек жайында жыр толғады» деген ұзақ, ұзақ болғанымен ұғымы нақты тақырып қойылған. Қазақстанның орталық музейінде Жамбылдың киевтік мүсінші Э. М. Фридман ағаштан жасаған сұсты да, айбынды мүсіні сақтаулы.

¹ Н. Тихонов. Ақындар атасы. «Литературная газета». 1946

² ЦГАЛИ СССР. Фонд 1923 (С. М. Эйзенштейн). Оп. I, ед. 2920, Л. I; ед. 2917. л. 5; оп. ед. 2197, лл. 4—5

Алматылық суретшілер де, әсіресе, ақынның ғасырлық юбилейінің қарсаңында кең қолға алына бастаған бұл тақырыптан тыс қалмаған. В. Д. Тканконың Жамбылдың 1937 жылы Кремльде үкімет мүшелерімен кездесу сәтін салған үлкен картинасы жарқын бір оптимистік сезімге толы. Ал, керісінше О. Д. Кужеленконың жұмысында қырдың үстінде тұрған ақынның көз алдында кең көсіліп жатқан табиғат көрінісі әсем берілгенімен өзінде әлденеге алаңдағандай мазасыз сезімнің ұшқыны бар. Ақынның бойында Отан тағдырын ойлаған мазасыздық, туған жерге деген сүйіспеншілік пен тебіреніс бар тәрізді. Соғыстың қаншалықты тауқыметіне қарамай өмір жалғасып жатты. Зеңбіректердің гүрсілі музаның үнін өшіре алмады.

1941 жылдың аяғына қарай Алматыдағы опера-балет театрының ғимараты пайдаланылуға берілді. Автордың жоспары бойынша фойедегі үлкен басқыштың алдындағы алаңы әсемдік үшін С. А. Чуйков салған үлкен панномен әшекейленбек еді. «Жамбылдың батасы» аталатын бұл полотно Нижний Тагилдегі бейнелеу өнері музейінде сақтаулы тұрған осы аттас суреттің қайталамасы. Бұл шығарма айтар ойымен де, көлемімен де елеулі еңбек деуге тұрарлық. Майданға аттанған солдаттарға Жамбыл былай деп бата беріп, ақ тілеу тілеген:

Қатарың болса құрыштай,
Қаһарың болса қылыштай



6. Чекалин Б. А. Шуақты күнгі серуен. 1939
Чекалин Б. А. Прогулка в солнечный день. 1939

Бұл картина 1942 жылы соғыстың нағыз қиын күндерінде салынған болатын. Сондықтан да оның бояу-түсі салқын әрі сұсты. Композициялық желісі жағынан бұл шығарма Рембрандтың әйгілі «Адасқан ұлдың қайтып оралуы» дейтін полотносын еске салады. Алайда, мазмұны жағынан оған қарама-қарсы, әйтсе де шығармадағы біртұтастық қамтылып отырған кезеңнің мән-маңызын салмақтап көрсетуге мүмкіндік бергендей². «Жамбылдың батасы» Чуйковтың 1940 жылы бастаған «Жамбыл 1916 жыл қарсаңындағы кедейлердің арасында» деген полотносын бітіртпей киіп кетті. Бұл еңбегін ол кейін 1943 жылы аяқтады. Онда көтеріліс қарсаңындағы дүрбелеңге толы түн суреттелген еді. 1944 жылы А. А. Риттих Москвадағы Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі Қазақ ССР-інің павильонын безендіруге арнап «Жамбыл халықтың ортасында» деген полотносын салды. Суреттің ашық түсті шешімінен-ақ таянып келе жатқан жеңіс лебі сезіліп тұрғандай әсер байқалады.

Соғыс жылдарының өзінде-ақ Ә. Тәжібаевтың сценарийі бойынша «Жамбыл» кинофильмін түсіру жұмысы басталған. Қазақстандағы тұңғыш киносуретші Қ. Қ. Қожықов фильм үшін көптеген жеке суреттер, декорация мен грим үшін эскиздер салды³. Осылардың ішінде, әсіресе, «Барымта», «Сиыр» және «Қарлы даладағы күркелер» тәрізді эпизодтық кадрларға жасалған жұмыстар ерекше назар аударарлық. Бұл парақтардағы бірсыпыра детальдар символдық дәрежеге дейін көтерілген. «Қарлы даладағы күркеде» кинолентаның жылжи жөнелетін қозғалысын көз алдымызға келтірсек әп-сәтте жамандықтың жыршысындай болып қара қарғалар аспанды қара бұлтша жауып кетпек. Бұл фильм бұл вариантпен жасалған жоқ. Кейінірек жеңістен соң, Алматының хроникалды және көркем фильмдер студиясы (қазіргі Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» студиясы) «Жамбыл» кинофильмін қайта жасалған сценарий бойынша жарыққа шығарады⁴. Осы фильмге арнап жасаған жұмыстары Қожықовқа кейінгі жылдары Жамбылдың өлеңдер жинағын көркемдеуге көп септігін тигізді.



¹ Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982, 303-бет

² Д. В. Сарабьянов. Семен Чуйков. М., 1976, 19-бет

³ Костюм эскиздерін жасаған Ленинградтық суретші Т. Н. Глебова

⁴ 1952 жылы шыққан сценарийдің авторы Н. Погодин және Ә. Тәжібаев, режиссері Е. Дзиган, суретшісі В. Егоров, Е. Еней және И. Каплан

7. Чекалин Б. А. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясына бара жатқан кезі. 1939. Чекалин Б. А. На сессии Верховного Совета Казахской ССР. 1939.

Жамбыл 1945 жылғы 9 майдың шуақты күніне дейін өмір сүрді. Бірақ Жеңіс туралы шаттық жырын шығаруға мүмкіндігі болмады. Ол бұл кезде ауыр науқас еді. Осыдан бір жарым айдан кейін дүниеден қайтты...

1945 жылдың 24 июньдегі күнін көрсеткен, С. И. Калмыковтың өлім төсегіндегі ақын бейнесін салған натуралық этюдті сақталған. Пальма жапырақтарымен көмкерілген көкшіл терезенің сұрғылт фонында ақ жастықта жатқан Жамбылдың қара күрең жүзі айқын көрінеді. Тұғырға жабылған жамылғы, қызыл масатымен қапталған табыт, қабырғадағы ақшыл түсті қатырмалы шымылдық, кеспекте өсіп тұрған пальма ағашының көріністері қайғылы жағдайды паш еткенімен этюдтен қаралы бір үмітсіздік аңғарылмайды. Ақынның жүрегі тоқтағанымен оның жырлары жасай береді деп тұрғандай.

Бүкіл халықтық мерекеге айналған, Жамбылдың жүз жасқа толуын тойлау осының бір жарқын көрінісі тәрізді. 1946 жылы 3 июль күні Советтер Үйінің колонналы залында мерекелік кеш болып өтті. Оған Н. С. Тихонов, В. И. Лебедев-Кумач, С. Я. Маршак, И. Л. Сельвинский, А. А. Тарковский, Е. Н. Гоголева, тағы басқа совет өнерінің қайраткерлері қатысты.

Н. Н. Таңсықбаев өз суретінде Жамбыл атындағы колхозда болып өткен, ақындардың үлкен айтысымен аяқталған тойды бейнелеген. Бұл суреттен халық ақынының тойына жиналған оның шәкірттері мен талантына табынушы көптің ішінен біз Шашубай Қошқарбаев, Дина Нүрпейісова, Кенен Әзірбаев, тағы да басқа атақты ақын, күйшілерді кездестіреміз. Адамдардың сәнді киімдері, жазғы табиғаттың көрінісі буырқанысқа толы отты да ойнақы леппен бейнеленген.

Суретшілеріміз бұл тойға қызу дайындала отырып, ақынның жарқын бейнесін, белсенді қайраткерлігін, үлкен өмір жолын танытатындай шығармалар жазды. Татардың тұңғыш профессионал суретшісі, сол кезде Алматыда тұрған Б. И. Урманче Қазақ ССР Ғылым академиясының вестибюліне арнап Жамбылдың гипстен портретін жасады. Суретші қарт кісінің, бірақ аса қайратты жанның бейнесін шынайылықпен бейнеледі. Табиғатындағы мықтылығы мен ерекшелігін танытатындай жүзіндегі, жанарындағы қайсарлықты тап басып таба білуі де ұтымды шыққан.

Мүсінші А. С. Пономарев өзінің Жамбылды бейнелеген портретінде еркін



8. Чекалин Б. А. Жамбыл ат үстінде. 1938
Чекалин Б. А. Джамбул на коне. 1938

еңбек адамының сұлулығы мен жарасымын ашып көрсетуді мақсат тұтқан. Ал, И. Я. Иткинд «Демалып жатқан Жамбыл» атты еңбегінде көпті көрген жанның сезімтал кейіпін, өмірге деген сенімін жоғалтпаған адамның асқақ та оптимизмге толы күрделі образын жасаған.

Тапқыр, көңілді, әзілі тілінің ұшында тұратын, сонымен бірге асарын асап, жасарын жасағанына өзі де мойынсұнатын кісінің қалпы бар Жамбылдың бұл күлімсіреген кейіпінде.

Иткинд Жамбылдың образын жасауға екі рет айналып соққан. Қыркыншы

жылдардағы алматылық жас көрермендер ТЮЗ-дің фойесіне (ол кездегі «алтын зал») әдемілік үшін тігілген киіз үйдің ішіне қойылған, Иткинд ағаш дөңбектен кескіндеген домбыра тартып отырған Жамбылдың тамаша мәнерлі мүсінін естерінде сақтаған болуы керек. Өкінішке орай, бұл мүсін өрт кезінде бірге жанып кетті де, қазір тек естеліктермен¹ ескі фото суреттерде ғана сақталған. Қазақ ССР-інің халық суретшісі Н. И. Крутильников: «Жамбылдың ақ шашты әжімді кескінін айнытпай салу қиын емес. Алайда, нағыз суретші өз еңбегінде соны ғана мақсат тұтпаса керек. Жамбыл дегеніміз — қазақ халқының өміріндегі тұтас бір дәуір. Оның образын жасаймын деген әрбір суретші осыны есінде мықты сақтағаны жөн»²,— дейді. Н. Крутильниковтың өзі салған Жамбыл ойлы, орнықты, жинақы, ашық жанары зерделі болып көрінеді.

Біздің көз алдымызда ақын-жырау ғана емес, сонымен бірге халықтың өкілі, қалаулысы, депутат Жамбыл бейнесі көрініс береді. Бұл — Жамбылдың ең әйгілі суреттерінің бірі.

Осы жылдары Алматыда болған москвалық атақты график, живописьші А. Н. Яр-Кравченко да ақынның образын жасауға ат салысты. Ол өзі жасаған Жамбылдың портреттері және басқа да шығармалары үшін 1948 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Н. П. Карповский Жамбыл туралы төрт шығарма жазды. Оның ішінде ақынның шабыт үстіндегі сәті қырынан бейнеленген портреті айрықша көңіл аударарлық. Карповскийдің енді бір суретінде мемлекет тарихында бұрын ұшырамаған жай бейнеленген. Ақынның 1938 жылғы Республика Жоғарғы Советінің сессиясын өлеңмен ашып, Советтік Қазақстанның гербісі мен жаулауы ілінген, гүлге оранған сахнада тұрған жыр алыбы былай деп жырлайды:

Үл десе ел, басымды иіп қызмет етем,
«Төрелік» депутаттың емес аты.
Мойнымда Алатаудай елдің қақы,
Ол маған өз даусын сеніп бермек,
Біткенше ақырғы дем айтам жырын,
Елімнің үстем болсын мәртебесі.
Мен әскер сап алдында садақ тартқан,
Елімнің өшпенді жау келсе қасы.
Сайлаушы халық алдында ант етемін,
Жамбылдың халық үшін қалған жасы³



¹ Чекалин Б. А. Алыс далаға көз тіккен.

Жамбыл. 1939

² Чекалин Б. А. Джамбул смотрит вдаль. 1939

¹ Н. И. Сац. Новеллы моей жизни М., 1979, 435—437-беттер

В. С. Розов. Заветные зерна. «Нева», 1982, №11, 112-бет

² А. Вдовин. Мгновения эпохи. Репортаж с художественной выставки. «Вечерняя Алмата» газеті, 1972 ж. 9 июнь

³ Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982, 139-бет

Карповский Жамбыл мен халық композиторы, күйші Дина Нұрпейісованың қосарлы портретін жасады. Ақынның замандас қарындасы, Қазақстанға даңқы кең жайылған домбырашы Дина Жамбылмен аға-қарындастай жақын достықта болған кісі. Әрине, музыкалық-поэтикалық өнердің екі қарт саңлағының образын жасау идеясының суретшілерді қатты қызықтыратыны сөзсіз.

Бұл тақырыптағы шығармалардың ішіндегі таңдаулыларының бірі, қазір *Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінің тұрақты экспозицияларының біріне айналған.* — А. М. Черкасскийдің «Жамбыл Жабаев пен Дина Нұрпейісова» атты суреті. Майлы бояумен салынған бұл суретте этикалық, монументалдық тыныс бар. Нобайы көрініп тұрған биік таулар кейіпкердің кескінін үйлесіммен қайталап тұрғандай. Екі қарттың көрнекті тұлғалары үлкен картинадағы кеңістікті түгелдей алып жатыр. Жамбыл Динаның икемді де, қуатты саусақтарынан төгілген әуезді күйді зейін сала тыңдап қалған. «Оның өнерлі қолында домбыра әрдайым жүрек қылын шерте сырлы сыр төгетін. Күйдің табиғатына сай әр түрлі әсем әуезге басып, бірде мұңды да назды тербелсе, бірде ақынның даусындай асқақ шығатын»¹. Төңіректе ұлан-байтақ көсіліп жатқан қазақ даласының кең пейзажы күй ырғағына көтеріңкі салтанатты сарын бергендей болса, ал, гүлдеп келе жатқан жас алма ағашы нәзіктік, ұяндық ұялатып тұрғандай. Суреттің өн бойында жалпы бір әуезділік үйлесім бар. Кілемнің, адамдардың киімінің, дастарқанның ою-өрнектерінің өзі үн таратып тұрған аккордтай жарасымды бояуын тапқан. Күй сарыны қалықтай түскен, әріректегі тау көрінісі өзгеше бір түске еніп, нәзік ырғақпен бейнеленген. Кейіпкерлер күй құдіретіне берілген ыңғайда. Олардың ойлы жүзі, ауыр еңбектің табы сақталған қоңырқай, тарамыс қолдары, жас мөлшерінен хабар беріп, әрі сонымен бірге Динаның әйелге тән нәзік жанды, сыпайы кейпін, Жамбылдың ақылды да салмақты қалпын аңғартқандай. Қазақ өнерінің бұл екі шеберінің творчестволық достығы жайлы

¹ Ермакович. Б.-Г. У песенных истоков. Ст. «Искусство Казахстана — 80». Алматы, 1981, 47-бет.



¹⁰ Чекалин Б. А. Демалып жатқан Жамбыл. 1939
Чекалин Б. А. Отдыхающий Джамбул. 1939

Черкасскийден артық айтып бере алған ешкім жоқ.

Бұл жылдары көптеген суретшілер Жамбылмен етене тағыс бол кетті. Осыдан бірер жылдан кейін ақынның жүз жылдығына арналған үлкен шығармалар жазуға материал жинаған бұлардың қайсыбірі онымен қайта кездесіп, жүзбе-жүз отырып кескінен, суретін салған еді.

Б. А. Чекалин бұл датаға арнап екі достық әзіл салды. Оның бірінде Жамбыл салтанатты шерудің командашысы тәрізді Қазақстанның жас жазушылары мен ақындарын аралап келеді. Екіншісінде орыс поэзиясының классиктері — Пушкин, Лермонтов,

Некрасовтар өз портреттерінің жақтауынан ақынның аяғына гүл шоқтарын лақтырып тұр. Бұл еңбектерден газет-журнал карикатурасы шеберінің маңығы айқын аңғарылады.

М. С. Лизогуб те «Қос батыр» атты картинасын жазу үстінде Жамбылды жүзбе-жүз отырып суретке салған. Жамбыл мен Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің қыдырып, әңгімелесіп жүрген сәтін шынайы бейнелеген. Жауынгер батырдың ақын батырды құрметпен қолғығынан сүйемелдеген қимыл қозғалысы мәнерлі де, айқын көрініс тапқан. Бұл кездесу живоһисыні, график, мүсініші Б. И. Урманчениң «Жамбылдың қонағы» атты майлы бояумен салынған шығармасының дүниеге келуіне де себепші болды. Қазір татар халқының Мемлекеттік өнер музейінде тұрған бұл суретті мінсіз салынған деуге болады. Стол үстіндегі натюрморт қаншалықты үлкен болғанымен, біздің назарымызды негізгі кейіпкерлердің образынан аулақтатпайды. сымбатты жас Мәлік ақ шашты ақынның жырып ықылас қоя тыңдауда: кимешек киген әйел жырдың сазына кедергі келтірін алудан сақтана отырып, шай құюда, Жамбыл шабыттана жыр төгуде. Бұл суреттегі, ең бастысы, ақын тұлғасы, киіз үйдің ішіндегілердің бәрінің назары соған ауған.

Уақиғалылық белгілі көп сөзділік, жалпы, қырқыншы-елуінші жылдардың живоһисіне тән сипат еді. Осы бағыт біз сөз етіп отырған тақырыққа салынған суреттерде де, әсіресе, Жамбылды көптің ортасында бейнелеген шығармаларда да кеңінен байқалатын. Суретшілер тап бір театрдың мизансценасын жасағандай-ақ бас кейіпкерді полотноның ортасына орналастырып, көп мәнерлі композиция құрып, қатысушы кейіпкерлердің қарым-қатынасы туралы мүқият әңгімелен беретін. Мұны Жамбылдың совет дәуіріндегі өмірі мен қызметіне арналған, халықтың ақынға деген ықылас, пейілін көрсетуді мақсат тұтқан суретшілердің шығармаларының желісінен де аңғаруға болады (Л. П. Леонтьев «Жамбыл колхозшылардың арасында», Р. З. Деникаев «Туған ауылда», т. 6.)

Егер суреттегі уақиға революцияға дейінгі кезеңді қамтыса онда ақынды тыңдаушы жұрт ашықтан-ашық екі «тоңқа» бөлініп салынады. Бір жағында жырғаудың бір сөзін қалт жібермей қағып алып, ауынына ықылас білдіріп



12. Чекалин В. А. Жамбыл 1939
Чекалин В. А. Джамбул. 1939

Балдырған балған, балалар,
Мойшана қызыл байлаған.
Түрлерің гүлдей жайнаған,
Қарасам қанша тоймаймын.
Айналам сендей жеткіншек —
Мәуелеп өскен бәйшешек
Ортаңда гүлдеп көркейген —
Ұялы мен бір бәйтерек¹.

1937 жылы 26 декабрьде Тбилисиде Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанының 750 жылдығына арналған Грузия Жазушылар одағы басқармасының пленумы болды. Бұл пленумға Жамбыл да шақырылды. Ақын онда бірнеше өлең шығарды. Соның бірін пленумда сөз сөйлеп тұрып, табаң астында суырын салып айтты. Живописьші, график, театр суретшісі Г. И. Симкиниң ақынның осы Грузияға келуі жайлы әңгімелейтін үш полотнаны бар. Оның бірінде Қазақстаннан келген қонақтың құрметіне жайылған салтанатты той дастарқаны бейнеленген. Жүзім сабағы мен жапырақтарының арасынан өгіп құбыла ойнаған күн сәулесі образына романтикалық, көтеріңкі леп беріп тұрғандай.

Ә. Қастеев творчествосындағы Жамбыл — бұл тақырып өз алдына үлкен бір зерттеуге лайық. Қырық жыл бойы, өмірінің соңғы күндеріне дейін суретші бұл тақырыпқа талай айналып соғып, ақынның өміріне азды-көпті қатысы бар ондаған шығармалар жазды. Солардың ішінде, Жамбылдың живописьтік портреті айрықша орын алады. Бұл жұмысты суретші араға уақыт салып, жиырма жыл бойы істеді. Мұндағы Жамбыл образы — белсенді қайратты жанның, еңбекқор жасампаз образы.

Қастеев салған суреттерінің көпшілігінде Жамбылды адамдармен қарым-

жатқан кедей-жалшылар болса, екінші жағында — өшпенді, наразы кейінтегі бай-шонжарлар мен олардың қол шоқпарлары (А. К. Мотузко «Жамбыл ақын», А. М. Степанов «Халық жыршысы», т. б.) тұрады.

А. И. Бортников пен В. А. Янковскийдің Жамбылды бүлдіршіндердің ортасында бейнелеген полотнаны шаттыққа, оптимизмге, мейірімге толы. Ақын балаларды керемет жақсы көрген, оларға көптеген өлең-жырларын арнаған. Живописьшілер өз шығармаларында сол Жамбыл жырының ой-мазмұнын, айтарын шынайы бере білген.

¹ Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982, 23-бет

қатынаста көрсетеді. Суретші бірде ақынның бала кезін — бала ақынды бейнелесе («Жамбылдың алғашқы рет жұрт алдына шығуы»); енді бірде әлі қарғая қоймаған кексе тартқан кезінде басқа ақындармен айтысқа түскен сәтін («Жамбылдың Досмағамбетпен айтысы»); тағы бірде тоқсан жастағы ақсақалды ауылдастарының, пионерлердің арасында бейнелейді («Жамбыл туған ауылында», «Жамбыл пионерлердің ортасында»). Бұл еңбектерінде суретшінің негізгі айтпақ ойы — Жамбылды халық тудырған, ол халықтың перзенті. Ақын тыңдаушысыз, адамдарсыз өмір сүре алмайды. Оларсыз ақын өзінің жырын да дүниеге келтіре алмайды. Жамбыл халықтың ойын, арманын жырлаушы:

Ақын деген бір бұлақ,
Көмілер көзін ашса,
Көзін ашар көңілің,
Сүйсіне тыңдап қостаса.
Өмір барда ескімес,
Бағалы құнды ерен сөз.
Алтын ірге ел барда!¹

Әдетте, бұл көріністі суретші Қастеевтік шешімге тән нәзік те сергек тыныспен жазғы пейзаждың фонында бейнелейді. Беткейінде қой отарлары қантаған төбешіктер көк торғынға оранған, аспан мөң-мөңдір, тап-таза. Кең аңғарда есігінің алдындағы самаурынының түтіні будақтан, жұмыртқадай болып киіз үйлер көрінеді.

Қастеевтің жанрлық композицияларын портреттік, пейзаждық жанрларға жатқызған жөн. Бұл жұмыстары акварельдік парақтарда («Әнім менің қалықта ауыл үстін»), немесе живописьтік полотнистарда («Жамбыл серуенге шыққанда») Қастеев тақырыбының даму барысының тағы бір мағыналық қырын, ақынның өзі туған өлкегі жан-тәнімен жақсы көрін, жетік білгенін аңғартып, аша түседі. Табиғатты ақындық сезіммен нәзік те терең түсінбесе мынандай шумақтар дүниеге келер ме еді.

Бетпақ шөлке жан кірін,
Өлі бойға қап жүрін,
Құздың мұзы бұзылып,
Ағылды дария ойда енді.
Көк қызғалдақ гүл жарып,
Нәр жинап бойға — Жер-аша,
Жанды жөндік қуана,
Сайрайды бұлбұл сайда енді...²

¹ Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982, 111-бет.

² Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982, 56-бет.

13. Чекалин Б. А. Революциядан бұрынғы Жамбыл. 1940

Чекалин Б. А. Джамбул до революции. 1940

Суретшінің ақының туған жері туралы пейзаждық жұмыстарын да айтай кетуге болмайды. Қастеев оларды елуінші жылдары Жамбылдың бұрынғы тұрған үйінде әдеби-мемориалдық музей ашылған кезде салған. Қастеевтің пейзажын сол төңіректің дәлме-дәл «портреті» деуге болады. Ұшы-қиыры кең беттелі боз даланы бейнелей отырып, ол түрлі шөптерді, күннің антап ыстығынан буалдырланған аспанды қызықтайды. Сөйтін, ақын творчествосы нәр алған әлемді қаз-қалында көрерменнің көз алдына тартады. Қастеевтің шығармаларын көргенде суретшінің сол жұмысты салу үстінде басынан кешіріп отырған қуанышын, ләззатын сенде сезгендей әсерде боласың. Ол алдыңғы пландағы әрбір шөп, бұтаны, әрбір ұсақ тастың өзін беріле отырып суреттейді. Сондай ақ, алысқа созылып сіңіп бара жатқан өзен, тау жолдардың өзінің көрінісін айқын да әдемі жарқын бояумен береді.

Қастеев тек ақының өзін ғана бейнелеумен шектелген жоқ. Бұл тақырыпты кең мағынада түсініп, жап-жақты дамытты. Оның Жамбылдың ұстазы, халық ақыны Сүйінбай Аронұлы салған портретінің бірнеше варианты бар. Қастеевтің енді бірсыңара шығармасы Жамбылдың шәкірті Кенен Өзірбаевқа арналған.

Қос шебер — Жамбыл мен Ә. Қастеевтің творчестволарында, өмірбаяндарында да сабақтастық, жақындық аз емес. Екеуі де — бірі пәзік жанды ақындық болмысымен, екіншісі лирик-суретшілігімен туған өлкесінің жыршысы, социалистік құрылыстың, Совет мемлекетінің белсенді насихатшылары болды.

Елуінші жылдары Жамбыл туралы көптеген шығармалар дүниеге келді. Бұл тақырыптың осы кезде бірсыңара өрістей түсуіне Жамбыл атындағы колхозда ақының өмірінің соңғы жылдары тұрған үйінде республикалық әдеби-мемориалдық музейдің ашылуы себепші болды. Музейдің экпозициясына (үйдің ішкі қабырғаларына жағалай ілінген) Жамбылдың өмірі, оның творчествосының қалыптасу жолы туралы шыншыл да көркем әңгімелейтін, көлемі шағын жасалған жұмыстар керек болды.

Бұл іске Б. Чекалин мен Ә. Қастеев үлкен үлес қосты. Олар ертеректе салын-

ған шығармаларын ұсына отырып, сонымен бірге, музейдің заказы бойынша жаңа жұмыстар салды. Бұған Чекалиннің «Жамбыл 1916 жылы», Ә. Қастеевтің «Сүйінбайдың портреті», «Жамбылдың Досмағамбетпен айтысы», «Жамбылдың алғашқы жұрт алдына шығуы», т. б.) еңбектері жатады. А. М. Мартова В. М. Фролова «Жамбылдың Құлмағамбетпен айтысы» атты картина жасады. Бұл айтыс 1881 жылы болған еді. Жәрмеңкеге келген Жетісудың



15. Чекалин Б. А. Жамбыл, Павел Кузнецов және Всеволод Иванов Москва өзенінің жағасында. 1940
Чекалин Б. А. Джамбул, Павел Кузнецов и Всеволод Иванов на берегу реки Москвы. 1940

атақты ақыны Құлмамбет Жамбылды айтысқа өзі шақырған-ды.

Суретшілер Жамбыл мен Құлмамбеттің образын олардың айтыста бір бірімен қарама-қарсы отыратын қалпындағыдай етін жасаған.

Құлмамбет:

Мен айтсам айтам қалың байлығымды,
Дулаттан жиып жүрсің шайлығыңды,
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Бұзбайды жаңдарал да жарлығымды

Жамбыл:

Құлмамбет сен жақсы да мен жаман ба,
Ақында сен жүйірік те мен шабан ба?
Қарасайлап қосылсам бір бүйірден,
Ақырында кетерсің бас аманға!

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін ақтаған татулықты айт,
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап, әуре болмай жөніңе қайт!¹

Басқа да суретшілердің ақын өмірінің әр кездерін салған шығармалары болды. Олар Түркістан майданы революциялық әскери советінің өкілі Д. А. Фурманов пен Жамбылдың 1920 жылғы кездесуін (С. Я. Сухов), Жамбылдың 1936 жылы Ленин мавзолейінде болған сәтін (В. В. Теляковский) әңгімелейді. Жамбылдың музейінде ақынның өлеңдері мен поэмаларының әндерінің

¹ Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982. Құлмамбетпен айтысы, 83-85-беттер



16. Чекалин Б. А. Жамбыл Шашубайды тыңдауда. 1941

Чекалин Б. А. Джамбул слухает Шашубая. 1941

басылымдарынан тұратын үлкен кітапхана бар. Олар тек мазмұнымен ғана емес көркемделуімен де қызықты. Ақынның көптеген кітаптары, әсіресе, қырқыншы жылдардың қиын кездерінде жарық көргендері суретсіз, көркемдеусіз шыққан. Суретшілердің мақсаты қалайда қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, кітапқа өзіндік ажар беру керек болды. Суретшілер алғы бетті, аяқтамаларды безендіріп, суретті әріптер салып, жарасымды мұқаба, фронтисписстер жасады. Кітаптың бет басы, аяқтамалары кейде В. Г. Бехтеевтікі¹ тәрізді оюлы, әшекейлі көбісіне В. К. Федяевскаядағы² немесе Н. Н. Нестеровтегі³ тәрізді оқиғалы-әшекейлі болып салынды. Бұл жұмыстарға суретшілердің дәстүрлі ою-өрнекті әшекейлерге ағаштың бұтақтарын, бидайдың сабақтарын, адамның тұлғасын, машина, самолеттердің нобайын, атрибуттық кескіндеулерді қосып жаңа бір соны тыныс беруге талпынған әрекеттері көңіл аударарлық. Бұл тыныс — тәсілдерді, сондай-ақ кітаптардағы әдемілік үшін безендірілген өрнекті әріптерді сол кездің өзінің рухы тудырған деуге болады. Бұлар Жамбыл поэзиясында кеңінен орын алған соғыстың қаһарлы күндерінен хабар беріп тұрғандай. Кітаптардың фронтисписіне көбіне ақынның портреттері пайдаланылып жүрді. Кейде суретші жалпы безендіруді өзі атқара отырып, басқа бір автордың шығармасын фронтисписке пайдаланды. В. Бехтеев пен П. Васильевтің мұндай жұмыстары туралы жоғарыда айтып кеттік⁴. Ал, В. Федяевская өзінің осындай бір жұмысына Л. А. Брунидің

¹ Джамбул. Стихи. М.-Л., 1946

² Джамбул. Избранные песни. М., 1946

³ Жамбыл. Сұрашты батыр. Алматы, 1940

⁴ Джамбул. Стихи. М.-Л., 1946

әсерлі жасалған гравюрасын пайдаланды. Мұнда қолында домбырасы бар кілем үстінде отырған Жамбыл бейнеленген еді. Штихельдің ширақ та сенімді сызығы қою қара кеңістікте ақынның жүзін, тұлғасын айқын бедерлеп, кескінге ырғақты, жанды қимыл бітіргендей.

1960 жылдардың аяғы мен 1970 жылдардың бас кезінде республика баспаларында ақынның толық көлемде: мұқаба тыспен, фронтиспис, форзац, титул, бет басы, аяқтамалармен жан-жақты безендіріліп, көркемделінген бірнеше кітаптары жарық көрді.

Н. С. Гаев Жамбылдың таңдамалысын¹ безендіруде комплексті шешімге барған, Жамбылдың өрнекті портреті мен сюжетті фронтиспис жасағанда негізгі мәселені — бір қарағанда үйреншікті тақырып тәрізді «Жамбыл халықтың ортасында» тақырыбын — түп қазық етіп алып, өзінше түйін түйген. Бұл жерде ақын тек қана көпшіліктің көкейіндегіні жырлаушы ғана емес, сонымен қоса оларды Отан үшін ерлікке шақырушы да.

А. А. Дячкин өз творчествосында Жамбыл поэзиясына екі рет айналып соқты. 1967 жылғы кітабының² фронтисписі қызықты салынған. Көгіне бұлт үйірілген кең аспанның фонында, жел ұйтқыған далада ақын ат үстінде салт келеді. Суретші көрініске жағалай дөңгеленте сызық жүгіртіп өткен. Бұл шығармаға пәрменді қимылдың әсерін үстегендей әр беріп, көрерменді өзінің жыр айналған иіріміне тартып тұрғандай. Бұл пәрменді қимыл, сонымен бірге «орнықты» көркемдеумен бейтараптанып та тұр. «Әнім менің»³ кітабы бірінші басылымнан соң, он жылдан кейін жоғары класс оқушылары үшін лайықталып қайта жарық көргенде Дячкиннің көркемдеуімен шықты. Әр жылдарда туған өлең-жырлары топтастырылған бұл кітаптың тараулары: «Ленин бізге бақыт әперді», «Қайта туған Қазақстан», «Бейбітшілік сақшысы», «Лениннің шөбере-лері», «Кең әлемге көз салсақ» деп аталған. Әр тарауға берілген шмуцтитулда суретші сол тараудың поэтикалық рухын таңытатындай графикалық бала-масын беруге талпынған. Әсіресе

Қазақстанның бүгінгі тынысына арналған парағы сәтті шыққан. Мұнда автор қаланың зәулім ғимараттарын, даладағы қаптаған отарларды, егістік кең алпақты, су электр станцияларын, қысқасы мына төмендегі шумақтарда Жамбыл өзі жырлаған бар тіршілікті сыйғызған:

Өшпес жарық нұрланған
Отанның ойы, қыры бар
Күміске толған шалқары,
Егінге толған алқабы,
Жерімнің жаннат гүлі бар,
Әмбінің аққан мұнайы,
Өндірістің шыңы бар...⁴



17. Чекалин Б. А. Жамбыл машинасына қарай келеді. (Кененге меймандыққа бирарда.) 1939
Чекалин Б. А. Джамбул идет к машине (В гости к Кенену). 1939

¹ Жамбыл Жабаев. Таңдамалы өлеңдері. Алматы, 1971

² Жамбыл Жабаев. Таңдамалы өлеңдер жинағы. Алматы, 1967

³ Джамбул. «Песня моя». Алма-Ата. 1977

⁴ Жамбыл Жабаев. «Біздің дәуірдің батырлары». Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1946. 353-бет

Ақ, қара таңбалардың әсерлі ырғақтары, символиканың қарапайым түсініктілігі, әр кезең, әр тараптық эпизодтардың мәнерлі жиынтығы бәрі бір парақта үйлесімді жымдасуы — Дячкиннің суретіне бүгінгі күннің тынысын сіңіріп әрі жарасымдылық әр беріп тұр.

Ақынның жүз жылдығына орай Детгизден «Бесік жыры» өз алдына бөлек басылып шықты. Кітапты москвалық график М. И. Поляков¹ көркемдеген. Қарт ақынның мейірімге толы жыр жолдары кітапта сурет тілімен де сөйлеп берген. Поляков жас оқырмандарды жыр жолдарының бірінен соң біріне еліктіре жетелей отырып, мына көріністі көз алдарына ап-анық көрсетеді:

...Мамық жүнді алақан,
Ұйықтап қырда ботақан,
Алтын жалды құлышпақ,
Жұмып көзін бұзауқан,
Сидә еирақ қошақан²

Жан-жапуарлардың аңғырт та әдемі кейіптері болашақ өскелең оқушы-балдырғандар үшін салынған суретте — «Қызыл әскер күзетте» — салмақты, орнықты бейнелерге ауысады. Не бары екі-ақ түсті — ақ пен қара бояуды қолдана отырып, суретші алуан түрлі әлемді көрсете алған.

Кейінірек Жамбылдың³ кітаптарын көркемдеумен айналысқан москвалық графиктер В. Алфеевский мен В. Большаковтың жұмыстарында оқиғалы заставкалар иллюстрациясының міндетін атқарған. Мұнан, тіпті, Қазақстаннан

¹ Джамбул. Колыбельная песня. М.-Л., 1946

² Жамбыл Жабаев. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1946, 119-бет.

³ Джамбул. Избранное. М., 1954, худ.

В. Алфеевский; Джамбул. От всего сердца. М., 1966. Худ.

В. Большаков.



18. Чекалин В. А. Жамбылдың 100 жылдығына достық әзіл. 1946

Чекалин В. А. Дружеский шарж к 100-летию Джамбула. 1946